

**Қазақстан Республикасының
Жоғарғы Сотының төрағасы
Қ.Ә.Мәми мырзаға**

Күрметті Қайрат Әбразақұлы !

Шымкент қаласының Қаратай аудандық сотының (судья М.Әмірбеков) 21.02.2017 жылғы үкімімен Е.Көшербаева ҚР ҚҚ-нің (1997 жылғы редакциясы) 28 бабының 3-бөлігі, 125 бабының 2-бөлігінің «а, в, з» тармақтарындағы, ҚР ҚҚ-нің 24 бабының 3-бөлігі, 389 бабының 3-бөлігінде көзделеген қылмысты жасаған үшін кінәлі деп табылып, жеке бас мүліктері тәркіленіп, 7 (жеті) жыл мерзімгі бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Кейін іс апелляциялық алқада қаралды, сottалған Е.Көшербаеваның қылмыстық іс-әрекеттеріне баға берілді.

Менің жәбірленуші ретінде емес, Қазақстан Республикасының азаматты және өз елімнің патроиоты ретінде, Сіз басқарып отырған ұжымда ел басы-Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың саясаттың дұрыс қолдан, заң талаптарын, яғни Конституциямен бекітілген азаматтардың құқығы сақталуда деп санаймын.

Себебі, Шымкент қаласының Қаратай аудандық сотының судьясы М.Әмірбековпен 21.02.2017 жылғы Е.Көшербаевага қатысты шығарған үкім осы әділтіктің және занылыштың сақталуының бірден-бір дәлелі деп ойлаймын.

Өйткені, маған қатысты жасалған қылмыстың орын алғанына 6 жыл мерзім өткендігіне қарамастан, заң шеңберінде оқиғаның қалай болғандығын егжей-тегжейлі және жете зерттей отырып, судья М.Әмірбеков заңды үкім шығарды.

Осыған орай, судья М.Әмірбековтің сот саласында тәжірибесі үлкен маман ретінде және адами тұрғыда әділдікті жаны сүйетін тұлға ретінде үлкен алғысымды білдіргім келіп отыр, сонымен қатар мүмкіншілігі болса қандайда бір марапатқа ілінсе деген ниетемін.

Не десеніз, қазақтың ұлы даласында, заманында, қара қылды қақ жарған билер болғандары барлығымызға мәлім, сол себепті судья М.Әмірбековті сол ата билер қатарына жатқызыар едім.

Сіздердің осы ауыр және өте күрделі қызметтерінізде бір Алланың өзі жар болып, үнемі қолдан жүрсін деп, өз ізгі ниетімді білдіремін.

**Ізгі ниетпен
ОҚО, Төлеби ауданы,
Диханқөл елінің тұрғыны**

А.Кульсейтов

